

КИБЕРПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

FTAMP 15.21.41

Ж.Т. Кошанова

Доктор (PhD), Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. 020000, Қазақстан Республикасы, //orcid.org/0000-0002-9493-5362

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙДІҢ ӘСЕРІ

Мақалада оқу-таным процесінде эмоционалдық күйдің салдарынан студенттің бойында мазасыздандудың алдын алудың тиімділігі қарастырылады. Ис-әрекет түрлерін жасаудағы дербес және өзара әрекеттестік негізінде тұлғаның мінез бітістеріндегі өзгерістің алдын алу жолдарының белгілері беріледі. Бұл ретте, эмоционалдық қарым-қатынастар негізінде тұлғалық өзара әрекеттесулердің оқу-таным процесінде оңтайлануы болашақ маманның бойындағы мазасыздық қасиеттерін жоюға ықпал болатын әдістердің бірі «Тейлордың мазасыздану деңгейін өлшеу» әдістемесі арқылы анықтауға болатындығы қарастырылып, зерттеу арқылы дәлелденеді. Осы тұрғыдан алғанда оқу-танымның әр кезеңінде жаңа тұғырлар мен психофизиологиялық заңдылықтарды, ақыл-ой әрекеттерінің дәстүрлі жүйелерімен сабақтастықта тиімді қолдану арқылы болашақ маманның бойында жоғары сезімдерді жетілдіру. Нәтижесінде, тұлға мен әлеуметтің өзара әрекеттесуі тұлғалық-мағыналық қатынасты орнатып, оның бойында өзін-өзі анықтауына себепкер болып, мінез бітістерінің қалыпты жағдайда эмоциясын басқаруға икемдейді.

Кілтті сөздер: эмоция, әлеуметтік-психологиялық, мазасыздану, ситуативті көрініс, каузальді атрибуция

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Болашақ маман оқу-таным процесітегі басты субъект болғандықтан назардың барлығы оның тұлға ретінде қалыптасып, дамуына аударылады. Осы тұрғыдан алғанда Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды» [1, 7] деп зерделеген, демек, болашақ маман меңгерген біліктілігінің негізінде өзгермелі қоғамның жағдайларына бағдарланған, алған білімін өз бетімен толықтырып, дамыту арқылы өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру. М.Мұқанов өзінің 1959ж жарық көрген «Бақылау және ойлау» атты еңбегінде: «Мәселелерді шешерде, оны адам өзі сезбесе де түрлі ой операцияларын қолданып шешеді (ой операциялары - мәселені шешерде қолданатын жолдар). Ғалымның пікірі бойынша ой арқылы шешу жолдары бірдей болып келе бермейді, оның бірнеше түрлері кездеседі. Олар: 1.Талдау және біріктіру процестері. Талдау – біртұтас құбылысты ойша бірнеше бөлшектерге бөлумен байланысты, біріктіру-талдау арқылы бөлшектеп бөлгендерді қайтадан қосып, топтаудан тұрады.

2.Салыстыру. Түрлі құбылыстарды, заттарды ойымызда салыстырғанда, біз оларды бір-біріне ұқсастығына немесе айырмашылығына сүйене отырып салыстырамыз.

3. Жалпылау мен абстракция (abstraktio – деген латын сөзінен – дерексіз) тығыз байланысты. Дерексіз дегенде, ол ешнәрсеге сүйенбейтін ой емес (дерексіз ойдың болуы мүмкін де емес), ойымыздың тек нақтылы заттарды, құбылыстардан алыстап кетуін білдіреді.

4. Нақтылау. Бұл – абстракциялауға қарама-қарсы ой операциясы.

5. Жүйелеу. Егер абстракция және жалпылау әрбір заттардың, құбылыстардың қасиеттерін өздерінен айырып алумен байланысты болса, бір жүйеге келтіру арқылы осы қасиеттерді ұқсастығына немесе айырмашылығына қарай қайтадан белгілі жүйеге келтіреміз [2, 63-66]. Дегенмен біз білім беру жүйесінің барлық буындарындағы педагог-мамандардың іс-әрекет пен қарым-қатынасты субъект ретінде жетілдіру үшін психологиялық тұрғыдан даяр болуы керектігі мәселесін ескере отырып, болашақ маманның бойында өзіне деген сенімсіздігінің әсерінен мазасыздықтың пайда болу себептеріне назар аударамыз. Психологтердің көпшілігі студенттердің мазасыздығы олардың өзара ішкі жанжалдарынан туындауы мүмкін деп есептейді. Сонымен қатар, психологтер белгілі бір саладағы адамның қолайсыздығының көрінісі болып келетін оған барабар алаңдаушылықпен теңестіреді, алайда, бұл нақты бір жағдайда қауіп-қатерді қамтымайды және адам үшін қолайлы жағдайлардағы алаңдаушылық емес екендігіне назар аударады [3, 104-113].

Сондықтан оқу-таным процесінде болашақ маман инструменттік, гностикалық, әлеуметтік-психологиялық болып табылатын іскерлік ойындарды пайдалану тиімді. Себебі, ол болашақ маманның танымдық, біліктілігіне қызығушылығын арттыруды қамтамасыздандырып кәсібіне тұлғалық-мағыналық қатынасының қалыптасуына ықпал етеді. Ал, мазасыздану яғни, «мазасы кету, тыным таппау, тынышсыздану, алаңдау» [4, 890] демек, болашақ маман оқу-таным процесі барысындағы қарым қатынасында осы категориядағы тұлғамен шиеленісу эмоциясына байланысты. Сондықтан педагогикалық қарым-қатынасты психологиялық қолдау, демеу, серіктес болу шараларын олардың мәселелеріне, ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асыру тиімді. Нәтижесінде, меңгерген білімдер мен алынған ұғымдарды жаңа жағдаяттарға тасымалдап, оларды шешу жолдарында қолданып, талдау жұмыстарында пайдаланады. Бұл алынған білімнің ұғымдармен ықпалдасуына әсер етіп оларда нақты және контекстік әрекетті қалыптастыру арқылы рефлексияны жүзеге асырады. Ал, психологиялық білім беруді болашақ мамандарда: енжарлыққа бой алдыруға мүмкіндік бермейтін; адамның жан-дүниесі жайлы біртұтас түсінік қалыптастыратын; қарым-қатынас жасаудың үйлесімді мәнерін меңгеруге ахуал болатын; психолог-ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне зәрулік танытып, оларды өздерінің кез келген іс-әрекетін жетілдіру, соған орай өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзектендіру мақсатында қолдануға ұмтылдыратын жүйеленген процесс ретінде жасау тиімді.

Біздің зерделеуіміз бойынша қарастырып отырған мәселедегі мазасыздану психологиялық қиындықтар мен психологиялық көмекке жүгінудің негізінде жатыр. Сонымен қатар, топпен жұмыс жүргізу; танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту; бастамашылдық; рефлексия; мәселені шешу, шешім қабылдау әрекеттерін қолдану мазасыздықтың алдын алады.

КІРІСПЕ

«Қазақстан-2050» жолдауының негізінде қоғамдық өмір салаларының, соның ішінде білім саласының бірқатар стратегиялық жоспарлары мен бағдарламалары да қабылданды. Солардың бірі Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Онда жоғары және үздіксіз білім мен ғылым жүйесін дамытудың қағиттары беріледі. Олар: барлығының сапалы жоғары білім алу құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі; оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттерді алу; еңбек ресурстарының ұтқырлығы – қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша параллель кәсіптік білім алу мүмкіндігі; ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығын, объективтілігін және теңдігін; ғылым, ғылыми-техникалық жобалар мен

бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында; ғылымды, білімді, бизнесті және өндірісті интеграциялау; халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту; экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау [5] теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты зерделене бастады.

Қазіргі жаһандану заманында психологиялық қызметті ұйымдастырып оны жүзеге асыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, болашақ маман қоршаған ортада әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтарға тап болады. Бұл осы мәселемен айналысқан бірқатар ғалымдарды атап өтуге болады. Олар Н.И.Пономарев, Е.Г.Слуцкий, Л.А.Регуш, Г.А.Щуревич, Ф.Е.Шереги, Т.Б.Соломатина және т.б. Жоғарыда атап өткен ғалымдардың зерделеуі бойынша «бұл мәселелердің студенттердің оқу-тәрбие іс-әрекетіне, қарым-қатынасына, психологиялық ахуалына тіпті өміріне де кері ықпалын тигізетіндігі» сөз болады. Демек, әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтар болашақ маманның жеке тұлға ретінде дамуын күрделендіріп регрессия тудырады. Демек, сезімдердің, көңіл-күйлердің көптеген көріністері адамның қимыл-қозғалыстарынан анықталады. Мысалы, А.Пиз, Дж.Ниренберг және Г.Калеро қимыл-қозғалыстардың толық классификациясын былай береді: 1. «Ашық қимыл-қозғалыстар» және «сенім, ықылас қимыл-қозғалыстары» алақанның визуалдық бақылауы үшін жеңілдігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, қандай-да бір аяқ-қолды тигізумен ерекшеленеді. Мұндай қимыл-қозғалыстар серіктестің психологиялық ашықтығы мен адалдығын дәлелдеп, оның тең құқылы өзара әрекеттесуге дайын екендігін көрсетеді.

2. «Жабық қимыл-қозғалыстар» немесе «адал емес қимыл-қозғалыстар» жоғарыда суреттелген. Олар қарым-қатынаста екінші (жасырын) мақсат бар екендігін көрсетеді, серіктестің-қайшы психологиялық міндеттерді шешкелі тұрғандығын көрсетеді.

3. «Бағалау қимыл-қозғалыстары» (иекті қасу, сұқ саусақты беттің бойымен созу, ары-бері жүру және т.б.) серіктестің сенімсіздік білдіріп тұрғандығын көрсетеді.

4. «Сенімсіздік қимыл-қозғалыстары» (орындықта отырып ары-бері теңселу, саусақтарды күмбез түрінде біріктіру, мұрынның ұшына қол тигізу) серіктестің өз мүмкіндіктеріне өте сенімді екендігін көрсетеді, өзін жақсы, жайлы сезініп тұрғанын және өзін басқалардан жоғары сезініп тұрғандығын көрсетеді.

5. «Өзіне сенімсіздік және шыдамсыздық қимыл-қозғалыстары» (қол саусақтарын айқастыру, алақанды щымшылау, саусақтармен, қаламсаппен үстелдің бетін ұрғылау және т.б.).

6. «Күту қимыл-қозғалыстары» алақанды үйкелеу, ылғал алақанды матаға сүрту т.б.

7. «Мойындау (жоққа шығару) қимыл-қозғалыстары» (денені артқа шалқайту, қол мен аяқты айқастыру, мұрынның ұшына қол тигізу және т.б.) серіктестің сенімсіздігінің тұрақты көрініс тапқандығын көрсетеді және фактілер мен дәлелдерге негативті қатынастың деңгейіне жеткендігін көрсетеді [6, 43]. Демек, психикалық іс-әрекет – организм мен ортаның өзара қатынасын реттейтін және бақылайтын, қоршаған орта мен тірі жүйеге тән байланыс. Психикалы іс-әрекетке қажеттілік түрткі болады және қажеттілікті қанағаттандыратын нәрсеге бағытталған әрекеттер жүйесі арқылы іске асады: ол организм психикасына байланысты, сонымен қатар психиканың пайда болуының басты шарты және оның дамуының қозғаушы күші болып табылады. Бұл ретте, болашақ маманның іс-әрекеті процесіндегі қатынастарында жиі кездесетін мазасыздану мәселесі де өзекті.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «Мазасыздану – үрейге, орынсыз мазасыздануға бейім келетін адамның көңіл-күйі. Бұл көбінде жүйке, сондай-ақ жан күйзелісінен тән сырқатына ұшыраған адамдарда жиі кездеседі, кісілік қасиеттердің қалыптасуына бөгет жасап, психикаға қолайсыз әсер етеді» [7, 138] деп тұжырымдаған зерделеуден, біз студенттердің өзіне сенімсіздігін, мазасыздығын, өзін қабылдамай «Мен-тұжырымдамасына» қайшы келуі келешекте жүйке жүйесіне әсерінің

нәтижесінің бұрыс екендігін байқаймыз. Сондықтан студенттік шақтан бастап оларда тұтас педагогикалық процестің мәселелерін, міндеттерін оңтайлы шешіп, өздерін дұрыс бағалап, сенімділіктерін арттыруға ықпал ету ішкі мотивацияларының және кәсіби іс-әрекетін меңгеруге деген әлеуметтенуін оңтайландырады. Ал керісінше болған жағдайда, каузальді атрибуция пайда болады. Нәтижесінде, алға қойған мақсаттардың сәйкессіздігі мен мамандық таңдауда беймділіктері мен қабілеттерінің ескерілмеуінің салдарынан пайда болған немқұрайлық, салғырттық қалыптасады. Мінез бітістері өзгерістерге ұшырайды, мазасыздық пайда болады. Р.С.Немов бойынша «Мазасыздану – әлеуметтік құрылымдағы жағдайда қорқыныш пен үрейді сезіну, жоғары алаңдаушылық күйіне әкелетін адамның тұрақты немесе ситуативті көрініс табатын қасиеті». Олай болса, студенттердің әлеуметтік-психологиялық қиыншылықтарына бірқатар жағдайлар себеп болады. Олар:

- 1) студенттердің білім меңгеруіне, өзіндік дамуына әсер ететін объективті жалпы-әлеуметтік, қаржылық, соматикалық, психологиялық қиыншылықтардың болуы;
- 2) студенттердің субъектілік қасиеттерінің, тұлғалық ерекшеліктерінің, танымдық деңгейлерінің әрқалай даму дәрежесі;
- 3) жоғары мектептегі пәндер бойынша білім мазмұнының өзіне бағдарлы сипатпен анықталмауы;
- 4) кәсіби білім беру жүйесінде студенттердің психологиялық дамуына қатысты мақсат-міндеттердің біркәнді анықталып, нақты қойылмауы;
- 5) кейбір студенттердің, кәсіби білім беру кеңістігіндегі тұлғалардың психологиялық даярлықтың және субъектілік ұстанымның әлеуеті мен қажеттілігін түсіне алмауы; олардың мақсат-бағдарлы түрде дамыту тәжірибесінің аздығы (тіпті болмауы) [8]. Сондықтан, мазасыздық оқу-таным процесі мен одан тыс уақыттардың іс-әрекетіндегі әлеуметтік-психологиялық мәселелермен тығыз байланысты бола білу, студенттердің оқу-танымдық, оқу-кәсіби іс-әрекетте, қарым-қатынаста, психологиялық даму процесін жетілдіру керек. Бұл ретте, психодрама мен социодрама ситуациялық-рөлдік ойындардың мәні зор. Себебі, біріншіден, модельденетін рөлдің драмалық тереңдігі жеке тұлғалық қасиеттерді белсендіріп, мазасыздықтарының анықталуы мен түзетілуіне бағытталса, социодрамада адамдардың драмалық қарым-қатынастарында көрініс беретін ұнамсыз қылықтарының түзетілуіне екпін жасайды.

Екіншіден, топтық пікірлер мен ситуациялық – рөлдік ойындарды, қарым-қатынас жасаудың практикалық дағдыларын, яғни кәсіби дағдыларын қамтамасыздандыратын мәселелерге мән беріп тұтас педагогикалық процестің міндеттерін шешуде кешенді түрде әлеуметтік-психологиялық ықпал ететін тренинг әдістерін қолдану арқылы болашақ маманның мазасыздығын жояды. Олардың жеке бас қасиеттері дамып, психикалық сапалары қалыптасып, белсенділігі артады [9, 25-27]. Себебі, қазіргі психология ғылымында жеңіл, тікелей емес әсер ету үшін «тренинг» ұғымы жиі қолданады. Тренинг арқылы маманды кәсіби әрекеттің нақты әдістері мен процедураларына кезеңмен, практикаға сүйене отырып үйретуді қолдану. Тренингке қатысушылар өзара әрекеттесе отырып мәселені әр қырынан талқылайды. Мұндай тұлғааралық қарым-қатынаста өзіне-өзі баға беру, өзіне басқалардың көзімен қарау, өзгенің пікірін тыңдау, келісе алмаса да түсінуге тырысу, басқа да көзқарастарға төзімділік таныту «Мен – тұжырымдамасының» дамуына ықпал етеді. Сондықтан, тұлғаға-бағытталған; табиғатқа бағытталған; мәдениетке бағытталған; креативтік; белсенді; ұйымдастыру-әрекеттілік; кәсіптік болып табылатын білім беру жүйесінің бағыттарын тиімді пайдалану мазасыздықтың алдын алу жолдарының бірі болып табылады.


НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес өндірістегі өзгерістерге икемделген және жылдам әрекет ете алатын, көп функционалды біліктер мен дағдыларды меңгерген, жедел өзгеретін еңбек нарығының жағдайларына

бейімделетін мамандарды даярлау қажет [10]. Жоғары оқу орындарының алдында тұрған көлемді мәселелерді шешудің нәтижелігі көп жағдайда бақылаудың тиімді ұйымдастырылуы мен оның әдістемесіне байланысты. Студенттердің білімі мен біліктіліктеріне жүргізілген бақылау нәтижесінде алынған мәліметтер оқу үдерісінің барлығына, немесе оның кейбір құрамдас бөліктеріне өзгерістер енгізуге негіз болады. Сондықтан, бақылаудың ең қолайлы әдісі оқыту ісінің ең тиімді және оқу ісінің бағыттаушы шарты болып табылады [11, 28]. Бұл ретте, жоғары оқу орындарының білім беру үдерісі тұтас педагогикалық процеспен сәйкестендірілгендіктен болашақ маманның психологиялық даярлығы іс-әрекеттің нәтижелі, табысты орындалуына, маңызды мәселелерді мақсатты түрде іздестіруге, мазасыздықтың алдын алып мәселелік жағдайларды оңтайландырып жаңа идеялармен болжап, психикалық көңіл күйді реттеп өз-өзіне деген сенімділігін арттыруға бағыттайды. Даму барысында, адамның психикалық іс-әрекеті сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Біріншісі, қолды, аяқты, саусақтарды жұмсау арқылы іске асыратын реалды заттарға әсер етудің адамға тән түрлерінен тұрады. Екіншісі «ой жүгірту» арқылы іске асады, бұл жерде адам реалды әрекет арқылы реалды заттарға әсер етпейді, олардың ойлау үрдісінде жасалған идеалды динамикалық модельдерін қолданады. Ішкі іс-әрекеті сыртқа іс-әрекетке бағдарлап отырады: ол сыртқының негізінде пайда болады, практикалық және теориялық формалардың бөлінуіне әкеледі және сол арқылы жүзеге асады. Еңбек бөлінісі адам іс-әрекетінің, адам мен қоғамның мұқтаждықтарының әр түрлілігіне байланысты іс-әрекеттің әр түрлері қалыптасады, әдетте олардың әрқайсысында сыртқы, ішкі, практикалық іс-әрекет элементтері болады. Бұл ретте, мазасыздану көрінісін қарастыру үшін «Тейлордың мазасыздану деңгейін өлшеу» әдістемесі қолдануды жөн көрдік. Әдістеме мазасыздану деңгейін өлшеуге арналған 50 сұрақтан тұрады. Біз жоғарыда қарастырған мәселенің мәнін анықтау мақсатында «Тейлордың мазасыздану деңгейін өлшеу» әдістемесі бойынша зерттеу жұмысын шағын топтан бастадық. Тестке 22 респондент қатысты. Тест нәтижесі бойынша ең көп «Иә» деген жауап болған сұрақтар:

6. Бір нәрсеге бар назарымды салып, ұзақ отыруға маған қиынға түседі.


22 ответа



Бұл сұрақта «Иә» жауабының көп болуының себебі, қазіргі таңда бір нәрсеге баса назар аудару қиынға түседі. Өйткені, айналамызда алаңдатушы факторлар өте көп. Мысалы, телефоннан келген хабарламалар, қоңыраулар, айналамыздағы шу болуы мүмкін.

7. Жұмысым мені көп алаңдатады.


22 ответа



Әр адамның бойында «Менің жасап жатқан жұмысым дұрыс па?» деген сияқты ойлардың болуы ол қалыпты құбылыс. Себебі, болашағына алаңдайтын адамдарда ғана осы ойлар болады.

13. Мен жиі ұяламын, бірақ мұны басқаның байқағанын ұнатпаймын.


22 ответа



Өзіне сенімсіз адамдар көбіне қоғамда өзін дұрыс ұстай алмай, үнемі ұялшақтық сезімде жүреді. Бұл оның сырт-келбетіне, мінезіне, әлеуметтік жағдайына қатысты болуы мүмкін.

42. Жаңа іс бастауға маған қашан да қиынға түседі.

22 ответа



Бұған іштегі сенімсіздік пен қорқыныш және күмәнді ойлар өте қатты әсер етеді. Жаңа іс бастар алдында адам ең бірінші бойындағы бар қорқынышын жеңуі тиіс.

«Тейлордың мазасыздану деңгейін өлшеу» әдістемесі бойынша жүргізілген тест төменде берілген мәселерге баса назар аударуды көздейді:

- тұтас педагогикалық процеске болашақ мамандық белсенділік таныту;
- нақты жағдайларда білімнің қолданбалы мүмкіндіктерін пайдалану;
- тұжырымдамаларды, заңдылықтар мен принциптерді әр түрлі формада қолдана білу;
- оқу-таным процесіне жеке дара емес, топтық жағдайда ыңғайлану;

- жағдаяттардың шешу жолдарын есте ұстап қалмай, оның барынша іс-әрекетте жүзеге асырылуын қамтамасыздандыру. Бұл ретте, болашақ маманның теориялық және тәжірибелік білімдерінің бірлігінің орны ерекше екендігін атап кетуге болады. Себебі, ол оның мазасыздығының салдары туралы белгілі түсінік алуда тек өзінің іс-қимылдарының әсеріне ғана емес, керісінше басқаларды бақылай отырып, мазасыздығын жоюдың жолдарын түсінуге және оны болашақта белгілі бір кодталған ақпаратты іс-әрекет жасауға басшылық етеді.

Зерттеудің негізінде, біз төменде берілген белгілерге назар аудару арқылы болашақ маманның өзіне сенімділігін арттырып «Мен-тұжырымдамасының» тиімділігін анықтадық: - жүріс-тұрысындағы тынымсыздық; қажетті жағдайларда мазасыздық; зейіннің тұрақсыздығы; - ұжымдық іс-әрекетте өз кезегін күтпей, шыдамсыздық көрсету; - сұрақты аяғына дейін тыңдамай, ойланбастан жауап беру; - берілген тапсырманы орындау қиындықтарға тап болғанда мінезі мен әрекетінде қиындықтарға тап болуы; - тапсырманы аяғына дейін орындамай, келесі тапсырмаға назар аударуы; - тынышсыз; - көп сөздік; өзгелерді бөгеу; ескертуге назар аудармау; - қоршаған ортадағы өзіне қажетті заттарды жиі жоғалтуы және талаптарды сақтамауы.

Жүргізілген зерттеу жұмысы арқылы, біз болашақ маманның өзін өзі реттеу арқылы өзін өзі тануы мен өз танымдық үдерістері мен стратегиясын жүзеге асыруда пайда болған мазасыздықтың алдын алу.

ТАЛҚЫЛАУ

Бұл ретте, болашақ маманның жоғары сезімдерін қоғамның және ғылыми-техникалық прогресстің талаптарына сәйкестендіру нәтижесі оның қабілетін анықтайтын және кәсіби, әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерімен анықталатындығы дәлелденді. Демек, мәселені шешу студенттің таңдаған мамандығына деген қызығушылық деңгейіне байланысты. Осылайша, кәсіби-біліктілігі, еңбек жолына дайындығының негізгі аспектісі ретінде қаралады, кәсіби мәселелерді жетілдірудің тиімділігімен қамтамасыздандырылып, студенттің тұлғалық қасиеті жүйесінің құрылымы анықталады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесін когнитивтік, аффективтік және іс-әрекет компоненттері бойынша сапалық көрсеткіштерінің деңгейлерінің интеграциялануы арқылы болашақ маманның өз білімі мен біліктілігін үйлестіріп, тәжірибесінде қолдануы болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша әдіснамалық, әдістемелік мазмұндағы зерттеушілік міндеттерді шешуге себеп бола алады. Сондықтан, бұдан әрі ғылыми-зерттеу жұмыстарын; ғылыми-әдістемелік бағытта оқу-әдістемелік жұмыстар; ғылыми-практикалық бағыттағы тәжірибе жұмыстарын жүргізу арқылы жалғастыру болашақта сапалы ұйымдастыру, бақылау жасау, жүргізілген бақылау нәтижелеріне қатысты анықталған мәліметтер, зерттеулер, ұсыныстар бойынша тиісті шешімдер шығару, жүзеге асыру әдіснамалық тұрғыдан негіздеп қарастырып отырған мәселенің шешу жолдарының әр түрлі жолдарын ұсынады. Осы тұрғыда жүргізілген жұмыстар болашақ маманды субъект тұрғысынан қарастырғанда нәтижелі, меңгеретін білімінің сапалы болуы мамандығына көзқарасы оң қалыптасып, оның ізденуші-зерттеуші қабілетін арттырады, төменде берілген жеке қасиеттері анықталады:

- өзара ынтымақтастық арқылы іс-әрекет;
- әрекеттестік ұстаным арқылы жеке тұлғалық түсінушілік;
- жеке дара ерекшеліктерімен, уақытша жағдаймен, ұсынылып отырған материал деңгейімен анықталады;
- бірізділік;
- пәндердің интеграциялануы;
- психологиялық әдіс-тәсілдердің байланыстырылып қолданылуы;
- топтардың қалыптасуы арқылы жұппен және жеке жұмыс;
- эмоционалды-сезімдік, абстрактілі, логикалық ойлауын дамытуға ықпал жасау;

- болашақ маманның қажеттіліктері мен қызығушылықтарының ескерілуі;
- білім беру бағытының пәндерінің элективті пәндермен интеграциялануы;
- біріне-бірі талдау жасау, өзін-өзі бағалау.

Демек, қарастырып отырған мәселе бойынша жоғарыда қарастырған компоненттер (когнитивтік, аффективтік және іс-әрекет) арқылы болашақ маманның деңгейлерін анықтау оның тәжірибелік-теориялық дайындығын, дара қасиетін, әлеуметтік-психологиялық танымын біліктілігімен сәйкестендіру арқылы өзіне деген сенімділікті арттырып мазасыздық сезімінің эмоция тудырмауына септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану ғасырында Қазақстан Республикасының қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты: білімді, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, өзгермелі өмірге бейім тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Сондықтан, болашақ маман жеке тұлға ретінде дамып, болашақта өзін табуға көмектесетін дағдыларды қалыптастыру үшін өз тәжірибесіне оңтайлы өзгерістер енгізіп, өзіне сенімділігін арттыру [12] маңызды мәселелердің бірі. Себебі тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін, яғни өзіне өзі баға беру, өзіне басқалардың көзімен қарау, өзгенің пікірін тыңдау, келісе алмаса да түсінуге тырысу, басқа да көзқарас пікірлерге деген төзімділік және әр тұлғаның шығармашылықтың [13, 6] нәтижесі болып табылатын креативтілік арқылы дағдыларын тануға үйрететін мүмкіндікті пайдалану арқылы мазасыздықты мінез бітістерінен жоюдың әр түрлі әдіс, тәсілдерін таңдау маңызды. Бұл ретте, «Тейлордың мазасыздану деңгейін өлшеу» әдістемесі бойынша жүргізілген тест тұлғаның өз әлеміне қатынасы мен оның басқаларға деген қатынасымен жанамаланғандығы және оның заттық іс-әрекетінің өзіне өзі деген сенімділігінің маңыздылығы көрсетілді. Тест нәтижелері арқылы студенттердің мазасыздану көрсеткіштерінің анықталған динамикасы оңтайлы психикалық жағдайды қамтамасыздандырып, тиімділігін арттыру үшін түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттілігін көрсетті. Бұл, болашақ маманның кәсіби даярлау үдерісінде қорытындылау, жүйелеу, сұрыптау сияқты таным тәсілдерін жетік меңгеруді талап етеді. Сондықтан маман ретінде болашақта білімгерлердің ойлау қабілетін дамытуға бағытталған қорытындылау және жүйелеу сабақтарын құрастыру мен арнайы дайындық жүргізіп, оған жауапкершілікпен қарау қажеттігін дамытуды көздейді. Демек, - өзін-өзі ұстауы мен қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын табу үшін олардың қажеттігі іс-әрекетінің танымдық жағы;

- өзі үшін маңызды өмірлік жағдаяттардың өзгеруіне байланысты тұлғаның эмоционалдық-жігерлілік ахуалы;
 - қажеттіліктері, талап-тілектері және тұлғаның өзінің ынта-ықыласы арасындағы қайшылықтар, басқаша айтқанда, оған қойылатын талаптар мен оларды орындау мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар;
 - білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру;
 - қиындықтарды жеңе білуге жұмылдыру;
 - дұрыс бағалауға және өзін-өзі бағалауға деген бейімділігі;
 - таңдаған мамандығы бойынша өз жұмысына қанағаттануы. Себебі, мамандық кәсіби білім беру, дайындау арқылы нақты бір кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті арнайы білім, икемділік, дағды кешенін меңгеру нәтижесі болып табылады.
- Қарастырылып отырған мәселе өзекті болғандықтан, келешекте бірнеше бағытта зерттеулерді қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. 56 б. Б.7 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33988830
- 2 Мұқанов М. Бақылау және ойлау. Қазақ мемлекет баспасы. 1959ж. б.117. 63-66 б.

- 3 Бороздина Л.В., Залученова Е.А. Увеличение индекса тревожности при расхождении уровней самооценки и притязаний // Вопросы психологии. 1993. №1. С. 104-113
- 4 Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақова, Р.Шойбекова және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488б. Б.890
- 5 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
- 6 Шерьязданова Х.Т., Ермекбаева Л.К., Абеуова И.Ә., Алибаева Р.Н., Әмірбекова М.Ә. Қарым-қатынас психологиясы: Оқулық. – Алматы: Отан ЖҚ, 2014 -341б. Б. 43
- 7 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002 ж. 256 Б.138
- 8 Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 бет. Б 325
- 9 Бапаева М.К., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т. Психологияны оқытудың белсенді әдістері: оқу құралы. Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 188 б. Б.25-27
- 10 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: URL: <https://Zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (өтінім берілген күні: 03.03.2022).
- 11 Кошанова М.Т., Абдиркенова А.К., Токкулинова Г.К. Дене тәрбиесі болашақ мамандардың медиатехнологияларды креативті қолдану құралы ретінде. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. №2 (68) 2022. Б.28
- 12 Эллиот Аронсон. Көпке ұмтылған жалғыз. Элеуметтік психологияға кіріспе. Баспа: Worth Publishers. 2014, 431 б.
- 13 Танибергенова А.Ш., Ишенгельдиева М.Г. Психологиялық тренин: Практикалық нұсқау: Әдістемелік құрал / ред. Кусаинова Ф.М. – Алматы: TechSmith баспасы, 2021. – 136 б. Б.6

REFERENCES

- 1 Kazakstan Respublikasy Fylym zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylygy 20 shildedegi №2 byjrygy. 56 b. B.7 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33988830
- 2 Mykanov M. Bakylau zhane ojlau. Kazak memleket baspasy. 1959zh. b.117. 63-66 b.
3. Borozdina L.V., Zaluchenova E.A. Uvelichenie indeksa trevozhnosti pri rashozhdenii urovnej samoocenki i pritjazanij // Voprosy psihologii. 1993. №1. S. 104-113
- 4 Kazak tilinin birtomdyk үлкен түсіндірме sozdigi) / Кыраст.: Ш.Курманбайұлы, М.Малбақова, Р.Шойбеккова және т.б. – Алматы: «Daur» baspasy, 2013. – 1488b. B.890
- 5 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
- 6 Sher'jazdanova H.T., Ermekbaeva L.K., Abeuova I.A., Alibaeva R.N., Әмірбеккова М.А. Карым-катынас psihologijasy: Okulyk. – Almaty: Otan ZhK, 2014 -341b. B. 43
- 7 Kazak tili terminderinin salalyk gylymi түсіндірме sozdigi. Pedagogika zhane psihologija. Almaty: «Мектеп» baspasy ZhAK, 2002 zh. 256 B.138
- 8 Ermentaeva A.R. Zhogary mектеп psihologijasy: Okulyk – Almaty: ZhShS RPBK «Daur», 2012. – 492 bet. B 325
- 9 Bapaeva M.K., Autilipova Y.I., Bapaeva S.T. Psihologijany okytudyn belsendi adisteri: oku kyraly. Almaty: «Otan» baspasy, 2016. – 188 b. B.25-27
- 10 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Jelektronдық resurs]: URL: <https://Zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (өtinim berilgen күni: 03.03.2022).
- 11 Koshanova M.T., Abdirkenova A.K., Tokkulynova G.K. Dene tarbiesi bolashak mamandardyn mediatehnologijalarydy kreativti koldanu kyraly retinde. Dene tarbiesiniң teorijasy men adistemesi. №2 (68) 2022. B.28
- 12 Jelliot Aronson. Kopke ymtylgan zhalgyz. Aleumettik psihologijaga kirispe. Baspa: Worth Publishers. 2014, 431 b.
- 13.Tanibergenova A.Sh., Ishengel'dieva M.G. Psihologijalyk trenin: Praktikalыk nyskau: Adistemelik kural / red. Kusainova F.M. – Almaty: TechSmith baspasy, 2021. – 136 b. B.6

Влияние эмоционального состояния на социально-профессиональное становление будущего специалиста

М.Т.Кошанова

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.

В статье рассматривается эффективность профилактики тревожности студента из-за эмоционального состояния в ходе учебного процесса. Кроме того, даны признаки способов предотвращения изменений поведения личности на основе самостоятельного и взаимного взаимодействия в совершении видов деятельности. При этом предполагается, что оптимизация личностных взаимодействий в образовательном процессе на основе эмоциональных взаимоотношений может определяться методом «Измерения уровня тревожности Тейлора» как одним из методов, способствующих устранению у будущего специалиста тревожных качеств. С этой точки зрения совершенствование высоких чувств у будущего специалиста осуществляется путем эффективного использования новых основ и психофизиологических закономерностей в преемственности с традиционными системами мыслительной деятельности на каждом этапе личностно-смысловых отношений, самоопределению и управлению эмоциями в нормальных условиях поведения.

Ключевые слова: эмоция, социально-психологическая, тревога, ситуативные проявления, каузальная атрибуция обучения. В результате, взаимодействие личности и социума способствует установлению

The influence of the emotional state on the socio-professional development of a future specialist

Koshanova M.T.

Sh.Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article examines the effectiveness of preventing student anxiety due to emotional state during the educational process. In addition, there are signs of ways to prevent changes in personality behavior based on independent and mutual interaction in the performance of activities. At the same time, it is assumed that the optimization of personal interactions in the educational process based on emotional relationships can be determined by the method of "Measuring Taylor's anxiety level" as one of the methods that contribute to the elimination of anxiety qualities in a future specialist. From this point of view, the improvement of high feelings in a future specialist through the effective application at each stage of training of new fundamentals and psychophysiological patterns in continuity with traditional systems of mental activity. As a result, the interaction of personality and society contributes to the establishment of personal-semantic relations, self-determination and emotion management in normal conditions of behavior.

Keywords: emotion, socio-psychological, anxiety, situational manifestations, causal attribution